

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№9 (078)

ЖҰМА

1 наурыз 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• МЕРЕКЕ ҒАМ МЕРЕЙТОЙ

Сарыарқаның Сағынкүлі



Жезқазған-Ұлытау жұртшылығы жақсы білетін Сағынкүл Жантуринаның журналистік жолына биыл - 45 жыл толыпты. Өз жасын айтпаймыз. Өйткені, қыздың жасы ешқашан өзгермейді. Ақын сөзімен айтқанда, «он сегізден әрі аспайды». Бірақ, нақ осы күндері жеті жотаның биігіне көтеріліп жатқанын жұртшылықтың біле жүргені де артық етпейді-ау..

Журналист болу бала күнгі арманы еді. Мектепте жүріп -ақ «Қазақстан пионерінен» бастап «Социалистік Қазақстан» газеттеріне хабар-ошарларды ызғытады да жатады. Кейбірі жарық көрсе, бұдан бақытты адам болмайды. «Жазуың дұрыс, дегенмен, шындала түскенің мақұл» дейтін мазмұндағы хат келетін болса, бұған да көңілі пәс тартып қалмайды, керісінше, кешегіден гөрі жақсырақ жазуға ұмтылып бағады. Ақыры Алматыға аттанды. Өттең, орын - аз, талас - көп. Конкурсқа келгенде жинаған балл аздық етіп, ауылға қайтты. Келді де, Жезқазған кен-металлургия комбинатының электр жабдықтарын жөндеу цехына сым ораушы дейтін жұмысқа орналасты. Мұнда бірер жыл тер төккен соң, журфакқа қайтып барды. Оқуға түсті. Бес жылдан соң Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетіне тілші болып келді. Сым ораушыдан сөз құраушыға айналғалы жарты ғасырдай уақыт өтіпті. Бір ғажабы, осыншама уақытта ол небәрі екі редакцияда ғана жұмыс істепті. Бірі - «Жезқазған туы», қазіргі «Saryarka» болса,

екіншісі «Жезказганский вестник». Бірінен басталған жол екіншісінен зейнеткерлікке жеткізді. Осы жылдар ішінде алған марапаттамалары да баршылық. Оның қаламынан шыққан дүниелер «Жүрек жарасы» (2009), «Мейірімділікке баулыған» (2011), «Жанданған тарих іздері» (2013) т.б. жинақтарға енгізілді.

2023 жылы Сағынкүл Тоғызбайқызы Жантуринаның көп жылғы журналистік еңбегі өзінің лайықты бағасын алды. Ол «Қазақстан Республикасының Құрметті журналисі» атанды.

Қазақтың мақтан тұтатын қаламгерлері, журналистері жетерлік. Солардың бірі - қалай мақтасақ та, мақтансақ та сыйымды болып табылатын өзіміздің Сарыарқаның Сағынкүлі.

Сағынкүл тәтені қос мерекесімен құттықтап, ғибратты ғұмыр, ұзақ өмір тілейміз!

Абдолла ДАСТАНОВ,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі



КІБЕСЕНІҢ КӨКТЕМІ КЕШІГІП КЕЛДІ...

Биылғы ақпан айы 29 тәуліктен бітті. Мұны қазақ «Кібесе жыл» деп атайды. Ал, біздер үшін кібесенің көктемі кешігіп келді. Өйткені...

Түнгі 00.00-де сағат тілі бір сағат кері шегерілді. Өйткені, ел Үкіметінің шешімі бойынша бүкіл Қазақстан UTC+5 уақыт белдеуінде өмір сүруге көшті.

Бұл өзгерістің тиімді жағы қандай, денсаулыққа әсері қандай? Мұны алдағы уақыт көрсетеді.

Қазақстанның біртұтас уақыт белдеуіне көшуі туралы бастама-

ны Василий Фесенков атындағы Астрофизика институты ұсынған көрінеді. Бұл институттың зерттеулеріне қарағанда, Қазақстанның басым бөлігі табиғи уақыт бойынша өмір сүрмейтін болып шыққан. Енді өзгеріс енгізу арқылы табиғатқа біртұтас жақындай түсетін тәріздіміз. Қазақстан уақыт белдеуі өзгергенде Еуропа уақытына бір сағат жақын-

дап, ал Қытай уақытынан бір сағат ұзарады екен. Бұл да қызық. Енді қараңғы ерте түседі.

Ал денсаулық сақтау министрлігі қазақстандықтардың ұйқы сапасы жақсарады деп уәде беріп отыр, себебі биологиялық сағат ұйқы режимі мен сергек болуға әсер етеді дейді. Ендеше, ұйқымыз тыныш, жайлы болса, бұдан артық не керек?



КӘСІПКЕРЛІК



ҰЛЫТАУДЫҢ ТӨРІНДЕ – «KHAN ORDASY»

Облыс орталығындағы Ұлытау көшесінің бойынан «KHAN ORDASY» мейманханасы бой көтерді. Бұл нысан мемлекет пен бизнестің өзара ынтымақтастығының нәтижесінде пайда болуымен ерекшеленеді. Өйткені, жеке кәсіпкер Марғұлан Молдашевтің бастамасына мемлекеттік қолдау көрсетілді.

Мейманхананың ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімі Б.Әбдіғалиұлы жобаның жалпы құны 700 млн. теңге құраса, соның 42 пайызы «Ұлытау» әлеуметтік кәсіпкерлік компаниясы» АҚ тарапынан инвестиция ретінде бөлінгенін жеткізді.

–Бұл қаржы кәсіпкерге қолдау ретінде берілгенмен, біртіндеп мемлекетке қайтарылатын болады. Ал, облыс орталығында осы заманғы талапқа сай мейманханалар жетіспейтін еді. Проб-

лема біртіндеп шешіліп жатыр -деді облыс басшысы.

«KHAN ORDASY» атына заты сай ұлттық нақышта безендірілген. Мұнда стандартты, жартылай люкс және люкс бөлмелер бар. Сондай- ақ, іскерлік шараларын өткізуге арналған конференц залы да бар.

Ең ғажабы, мұнда келетін қонақтарға қымыз немесе ашыған көже мейманхана есебінен тегін берілетін болады.

Жезқазған қаласы

Ұлытау облысы Жезқазған қаласының №728 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан жері және жаңа құрамы туралы ХАБАРЛАМА

№ 728 сайлау учаскесінің учаскелік сайлау комиссиясы
Жезқазған қ., Марғұлан к-сі 50, («Жезқазған қаласы білім бөлімі №10 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ)
Төраға – Т.О.Махамбетов, төраға орынбасары – Е.Ж.Башаев, хатшы- А.Т.Садыбаева, Мүшелер:М.С.Бакибаева, Ә.М.Қарабаева, А.Ф.Кенесова, Г.Д.Рахимбекова

Жезқазған қалалық мәслихаты

ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 10, 19 баптарына сәйкес, №2,№3,№11 округтік сайлау комиссияларынан кейбір мүшелерінің өз міндеттерінен босатылуына байланысты, қалалық мәслихаттың 2023 жылғы 17 қаңтардағы №35/255 «Жезқазған қалалық мәслихаттың депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу бойынша:

- №2 округтік сайлау комиссиясына
1.Конратбаева Мадина Ергазықызы
2.Қайралап Әйгерім Ерланқызы
№3 округтік сайлау комиссиясына
1.Алдашова Меруерт Рахатқызы
№11 округтік сайлау комиссиясына
1.Асқар Зарина Асқарқызы сайланды.

Жезқазған қалалық мәслихаты

ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІК

ҚАЛА ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Ұлытау облысы әкімдігінде Сәтбаев қаласының даму бағдарламасы қаралды. Қаланың алдағы уақыттағы даму жоспары туралы қала әкімінің міндетін атқарушы А.Саукимов баяндама жасады.

Биыл кеншілер қалада 900 орындық заманауи мектептің құрылысы басталады. Бұл 8-шағынауданда бой көтереді деп күтілуде. Сондай-ақ, 250-ге жуық жеке үй кәріз желісіне қосылады. Бұдан бөлек те бірқатар жобалар таныстырылды. Олардың арасында 6 көшенің жолы орташа жөндеуден өткізу, 5 футбол, 5 волейбол мен баскетбол, 25 ойын алаңын, 25 жаттығу кешенін орнату жобалары бар. Сондай -ақ, қаланың ажарын аша түсу мақсатында 25 үйдің қасбеті күрделі жөндеуден өтіп, 25 үйдің төбесі жөнделмекші, жаңа үлгідегі 20 аялдама орнатылады екен.

Халықтың бос уақытын өткізуге ыңғайлы жағдай тудыру мақсатымен

жаңадан 4 аллея салынады. Құрылыс саласында да бірқатар жобалар бар. Айталық, Тәуелсіздік көшесінде 56 пәтерлі несиелік тұрғын үй құрылысы аяқталады, жеке инвестор есебінен 30 пәтерлі үй қолданысқа беріледі. «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жаңа емхана құрылысын бастайды. Бұл Жезқазғандағы медорталық тәрізді емхана болмақ. Құрылысы ұзаққа созылып кеткен Оқушыдар сарайы, 320 орындық балабақшаның құрылыстары да биылғы жылы аяқталуы тиіс.

Бұлардан өзге де көптеген жоба бар.Енді солардың сәтімен жүзеге асуына тілекші болайық.

(Өз тілшімізден)

Сәтбаев қаласы бойынша биыл 25 үйдің қасбетін жаңарту, 25 тұрғын үйдің төбесін жөндеу жұмыстары жоспарланған



СООБЩЕНИЕ Жезказганского городского маслихата о новом составе и месте нахождения избирательной комиссии №728 города Жезказган области Ұлытау

Участковая избирательная комиссия №728
г.Жезказган улица Маргулан, 50 (КГУ «Общеобразовательная средняя школа №10 отдела образования города Жезказгана»)
Председатель- Махамбетов Т.О, заместитель председателя - Башаев Е.Ж., секретарь-Садыбаева А.Т., Члены комиссии: Бакибаева М.С., Қарабаева Ә.М., Кенесова А.Ф., Рахимбекова Г.Д.

Жезказганский городской маслихат

СООБЩЕНИЕ

о внесении изменений в составы окружных избирательных комиссий
В соответствии со ст. 10, 19 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», в связи с освобождением от обязанностей 4 членов окружных избирательных комиссий. решением Жезказганского городского маслихата « О внесении изменений в решение Жезказганского городского маслихата №35/255 от 17 января 2023 года «О формировании составов окружных избирательных комиссии по выборам депутатов Жезказганского городского маслихата» были введены:

в окружную избирательную комиссию №2
1.Конратбаева Мадина Ергазықызы
2.Қайралап Әйгерім Ерланқызы
в окружную избирательную комиссию №3
1.Алдашова Меруерт Рахатқызы
в окружную избирательную комиссию №11
1.Асқар Зарина Асқарқызы

Жезказганский городской маслихат

► МЕРЕЙ

АКТЕР БОЛУДЫ ОЙЛАМАҒАН

ҚР ХАЛЫҚ АРТИСІ ДОСЖАН ЖАНБОТАЕВ - 75 ЖАСТА

Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалы-драма театрының актері Досжан Өбдірәлімұлы Жанботаев 1949 жылы Алматы облысының Жалаулы ауылында дүниеге келді. Жалаулы өркениеттен алыстау қалған қарапайым ғана қазақы ауыл болатын. Негізінен мал шаруашылығымен айналысатын. Досжан да ауылдың көп қарадомалақтарының бірі болып өсіп жатты. Бірақ...

Анасы жарықтық сауыншы болды. Сол кездегі тәртіп бойынша әр сауыншыға ақ халат беріледі. Бірақ, кім сиырды халат киіп сауушы еді? Комиссия келіп қалғанда ғана керек болатындықтан, үйде ілулі тұратын.

Сауыншылар сауынан қайтқанда бір шелек, жарты шелек сүт ала қайтады. Мұны Досжан бала болса да жақсы біледі.

Сауын мен ауыл орталығының арасында ескілікті қорым бар еді. Үстіне ақ халатты киіп алды да, қорымның ішіне жасырынып жатты. Сауыншылар, ішінде өз шешесі де бар, қорымның тұсынан өте бергенде «Ей, ұятсыз немерелер! Күн сайын сүт ұрлап неге күнәһар болып жүрсіңдер!» деп шыға келгенде, бәрі тым-тырақай қаша жөнелді, сүттері қалды төгіліп. «Шайтан, шайтан» деп айқайлап алды -арттарына қарамай қашып бара жатқан әйелдерді, әсіресе, анасын аяп кетті. «Қорықпаңыздар, бұл мен Досжан ғой» десе де ешқайсы мойын бұрып қарағысы жоқ, одан сайын жанұшыра жүгіреді. Сол күнгі оқиға көпке дейін ауылды дүрліктірді. Анасы «ешқандай да шайтан емес, менің істеп жүргенім ғой» дегеніне бәрібір ешқашан сенбеді.

Кейін сол Кеген ауданынан шыққан 4 Халық артисінің бірі өзі боларын қайдан білсін? Қазір жерлестері Есмұхан Обеев, Нұрқанат Жақыпбай, Рамазан Стамғазиевпен бірге Досекенді де «Ауданнан шыққан Халық артистері» ретінде мақтан тұтады.

Ойда -жоқта Мәскеудегі М.С.Щепкин атындағы Жоғары театр училищесінде оқитын болды. Училище деген аты болмаса ескіден келе жатқан өнер ордасы екен. Небір майталмандардан дәріс тыңдады, сабақ алды.

1972 жылы училищені бітірген 17 жас бірден Торғай облысына топ ете қалды. Өйткені, облыстық партия комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков училищеге барып, олардың аяқ алыстарын байқап көрді, көңілінен шықты.Сөйтіп де, топтың жұбын жазбаған қалпы Арқалыққа алып барып, Торғай облыстық музыкалы -драма театрын ашты.

Сол 17-нің бәрі дерлік әліге шейін театрда жүр. Олардың арасынан 1 халық артисі, 13 еңбек сіңірген артист атанғандар шықты. Танымал режиссер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, марқұм Жанат Хаджиев те осы топтың арасынан шыққан еді.

Торғай театры өз шымылдығын «Айман -Шолпан» драмалық комедиясымен ашты. Осы пьеса туралы Уикипедияны парақтап көрсеніз, «Көп қойылымдарда көмескі болып жүрген Жарас бейнесі торғайлықтардың сахнасында шынайы түрде шықты» деген баға берілгенін байқар едіңіз. Жарасты сомдаған - Досжан Жанботаев болатын.

- Театрдың ашылу салтанатына өнердің ірі-ірі майталмандары келді.

Өнерге әркім әрқалай жолмен келеді. Біреу жастай арман етеді, енді біріне туған - туыс, нағашы - жұрағаттың ықпалы тиіп жатады. Ал, Досжан Жанботаевтың жөні бөлек. Ол ешқашан «актер боламын» деп ойлаған да емес.



Серке Қожамқұлов әкеміз премьерадан соң сөйлеген сөзінде «Бұған шейін талайын көріп едім, нағыз Жарасты бүгін ғана көрдім» дегенде төбем көкке жетті. Қазақ театр өнерінің корифейінен мұндай мақтау сөз есту деген түсіме кіріп пе екен?! Содан асқақтап, шалқақтап кетсем керек. Қазіргі тілмен айтқанда, «жұлдыз ауруына» ұшырағанмын ғой. Менің мұнымды Өз-ағаң, Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз байқап қалса керек, бір күні кездесіп қалғанда «Досжан, басың - алтын, басқа жеріңнің бәрі - күміс болса да, көкте қалықтай бермей, жерге түс» деді. Осы сөз маған өмірлік сабақ болды. Содан кейін қаншама мақтау, мадақ естісем де, атақ иеленсем де қарапайым қалпымды сақтап қалуға ұмтылатын болдым - деп еске алады Досекен ең алғашқы сомдаған кейіпкері хақында.

Сол Өз -ағаң кейін жылдар өте келе жазған кітабының бір тұсында «Маған Жанботаевтың ойынындағы оның сахнада аяқ астынан шешім қабылдай қоятыны қатты ұнайтын» деп жазыпты. Керемет баға емес пе?

Досжан Жанботаев - дарынды актер, сахнаның шынайы шебері. Ол

тынымсыз ізденіс, кәсіби шеберлікті шыңдаудағы қажырлы еңбегі нәтижесінде 50-ден астам образды сомдап, қайталанбас бейнелердің галереясын жасады. Актер өзі сомдаған әрбір кейіпкердің ішкі жан дүниесін, сезім иірімдерін өзгешелікпен бейнелеуге үлкен мән береді және оны өзгеге ұқсамас өзіндік қолтаңбамен көрермен назарына ұсына біледі. Сондықтан да оның сомдаған классикалық және қазіргі заманғы драмалық туындылардағы образдары көрермендер мен театр сыншылары тарапынан жоғары бағасын алды.

Торғай театрына кейін С.Қожамқұловтың есімі берілді. 1988 жылы Торғай облысы таратылғанда, театр тайлы-тұяғы қалмастан Жезқазған қаласына қоныс аударды. Театрдың халықаралық, республикалық фестивальдерде алған жүлделерінде Д.Ә.Жанботаевтың актер ретінде қосқан үлесі мол. Мәселен, ол 1986 жылғы республикалық театр фестивалінде қойылған С.Балғабаевтың «Ең әдемі келіншек», 1998 жылғы фестивальдегі М.Әуезовтің «Қаракөз» спектакльдеріндегі сомдаған рөлдері үшін «Ең үздік эпизодтық ер рөлі» номинацияларына ие болды.

Театрдың өркендеуіне, ұлттық сахна өнерінің дамуына қосқан зор үлесі үшін ол 1977 жылы КСРО Мәдениет министрі, КСРО Жазушылар одағы және мәдениет қызметкерлері кәсіподағы Орталық Комитетінің дипломдарымен марапатталды. 1976 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Кеңес заманында өнер адамдарының кеудесіне орден тағылуы ілуде бір кездесетін еді. Досжан сондай ерекшелікке ие болған санаулы актерлердің бірі болды. 1982 жылы «Қазақ Республикасына еңбегі сіңген артист», 1992 жылы «Қазақстан Республикасының халық артисі», 2008 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атанды. 2023 жылы Досжан Жанботаевқа Ұлытау облысының Құрметті азаматы атағы берілді.

Ол театрда ғана емес кино саласында да бірнеше образдарды сәтті ойнап шықты. Олардың арасында «Абай» фильміндегі Оразбай, «Жамбыл - жаңа дәуірдегі» - Жамбыл, «Әулеттегі» - Қаршыға және т.т. образдар бар.

Актер боламын деп ойламаған Досекен кейін шаңырағының актерлар ордасына айналатынын да ешқашан білмегені рас.Зайыбы Райхан Ибраевамен М.С.Щепкин атындағы училищеде бірге оқыды, отау құрды. Райхан Жұмабайқызы да са талантты актрисалардың бірі.Ол сомдаған «Қобландыдағы» - Құртқа, «Қозы Көрпеш -Баян сұлудағы» - Баян, «Ромео -Джюльетадағы» - Джульета және басқа да образдар шынайылығымен көрермен көңілінің төрінде қалды. Р.Ибраева Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен және Құрмет орденімен марапатталды. Бұл әрине, оның театр саласындағы жемісті еңбегіне берілген лайықты баға екені сөзсіз.

Ал, ұлы Теміржан Т.Жүргенов атындағы өнер Академиясын бітірді. Ол театр фестивалінде екі дүркін жүлдегер атанды. Театрда ғана емес, бірнеше кинода да бағын сынады. Қызы Мируана әу баста заңгер болуды қалаған. Бірақ, бойдағы талант, өнерге деген құштарлық өз дегеніне бағындырмай қоймайды екен. Ол Қырғызстан өнер Академиясының режиссерлік факультетін бітірді. Мируана сахналаған «Шырақ», «Тәтелер», «Екі дүние ортасындағы мейманхана» спектакльдері театр саласының олжалы дүниелерінің қатарынан орын алды.


Немересі Темірланның төртінші сыныпта оқып жүрген кезінде киноға түсіп, Ялтада өткен кинофестивальда «Ангелочек» фильміндегі ол ойнаған роль «Үздік ер адам ролі» деп бағаланды. Ол қазір де киноактер ретінде бірнеше фильмдерге түсті.

Алматының, Астананың театрлары «бізге келіңіз» деп қолқалаған, бірақ, ол актерлік жолын бастаған, жетпіс жыл ғұмырының жарты ғасырдан астамы қазанында қайнап келе жатқан өзіне тым ыстық көрінетін Серке театрын қиып кете алмады. С.Қожамқұлов атындағы музыкалы -драма театрын өнертанушылар «Шалғайдағы емес маңдайдағы театр» деп те атайды. Ал,ешқашан «актер боламын» деп ойлап көрмеген Досжан Жанботаев осы «маңдайдағы театрдың» маңдайалды актері, абыз ақсақалы.

Абдолла ДАСТАНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

► 8 НАУРЫЗ -ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

Ақпарат айдынындағы



ТЕЛЕАРНА ТАРЛАНЫ

Базаркүл Үмбетованы бұлайша әспеттеу негізсіз емес. Өйткені, оның журналистік өмірі көбінесе телеарналармен байланысты.

1985 жылы Жезқазған облыстық телерадиокомпаниясында тілші болып басталған жарты ғасырға жуық жолда Базаркүлдің отандық телеарналарда өзіндік қолтаңбасы қалыптасты. Ол осы салада жүріп көптеген жетістікке жетті, марапаттамаларға ие болды.

1995 жылы Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, 2006 жылы халықаралық «Шабит» фестивалінде журналистика аталымы бойынша Гран При иегері, 2007 жылғы Астана қаласының 10 жылдығына арналған Астана әкімінің «Алтын қалам» жүлдесінің иегері, 2015 жылы телерадиожурналистика саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін Ақпарат саласының үздігі атанды. Ел Президентінің Алғыс хатына екі мәрте ие болу бақыты бұйырды. Ол «Перзент парызы», «Журналистік жол» кітаптарының авторы. «Алтай-Дунай» халықаралық археологиялық экспедициясының қатыса жүріп, 13 сериялық деректі фильм жасап шықты. Ендеше Базаркүлді телеарна тарланы дегеніміз жарасымды емес пе?

Базаркүл Үмбетова қазір Ұлытау облыстық мәслихатының депутаты. Демек, ол қай биіктен көрінсе де елдің, халықтың сөзін сөйлейді, жоғын жоқтайды. «Журналист мандаты жоқ депутат» деген де сөз бар. Базаркүл соны іспен дәлелдеп келеді.



«АЙМАҚ АҚШАМЫНЫҢ» АҚЖОЛТАЙЫ: КӨКТЕМ КЕЛДІ. КӨКТЕММЕН БІРГЕ АСЫЛ АНА, АРУ ЖАНДАРДЫҢ МЕРЕКЕСІН ДЕ ҚАРСЫ АЛАМЫЗ. АЙҚАРМАНЫ АЙМАҒЫМЫЗДАҒЫ АҚПАРАТ АЙДЫНЫНДАҒЫ АРУЛАРҒА АРНАҒАНДЫ ДҰРЫС КӨРДІК. БАРШАСЫН СЫЙДЫРА АЛМАСАҚ ТА, БӘРІН ДЕ МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ, БАҚ-БЕРЕКЕ ТІЛЕЙМІЗ!

«КАЗПРАВДАНЫҢ» ЮЛИЯСЫ

Оның мамандығы экономист болатын. Бірақ, жергілікті редакциялардың біріне бет әрлеуші-дизайнер болып жұмысқа орналасуы оның өмірін кілт өзгертіп жіберді. Ол жазуға, журналист болуға ұмтылды.

2017 жылы Хоум Кредит банкі қаржы тақырыбында конкурс жариялады. Юлия сол конкурсқа қатысып, жеңімпаз атанды. Келесі жылы республикалық «Курсив» баспасынан жұмысқа шақырту түсті. Бірнеше жыл «Индустриальная Караганда» газетінің Жезқазған аймағындағы меншікті тілшісі болды. 2022 жылдан бері «Казахстанская правда» газетінің Ұлытау облысындағы меншікті тілшісі. Юлия аймақтың тыныс-тіршілігін республикалық басылымда барынша жан-жақты көрсетіп келеді. Нақты жазады, артық-ауыс сөзге бармайды. Адам бір нәрсеге ұмтылса, сол мақсатына жетпей қоймайды дегенді жиі айтамыз. Бірақ, соған сене де бермейміз. Ал, Юлия болса осыны іс жүзінде дәлелдеп шықты. «Казправданың» Юлиасының ерекшелігі де сонда.



«ЖАҢААРҚАНЫ» ЖАЙНАТҚАН

Салтанат Аманқызы Ералина кейінгі жеті жыл бойы Жаңаарқа аудандық «Жаңаарқа» газетін басқарып келеді.

Ол туралы белгілі айтыс ақыны марқұм Дүйсенбай Жұмасейітов: -Салтанат Ералина өз жұмысына мығым, мақаланы минутында жазатын жылдамдығы бар. Өзгенің мәселесімен тыным таппай жүретін кездері көп. Адаммен тез тіл табысқыш, салдыр-күлдір, сарт-сұрт, шапшаң. Тапсырған жеріне айтқызбай барып, тап-тұйнақтай жазып келіп жүретіні бар - деген екен. Десе дегендей, Салтанаттың ұйымдастырушылық қабілетін аудандық газеттің 80 жылдық тойын дүркіретіп өткізген кезінде байқаған едік. Аудандық газеттің мерейтойын ұланасыр тойға айналдыру оңай емес. Салтанат соны

жасай білді. «Жаңаарқаны» жайнатқанын көргенбіз сол жолы.

Салтанат Ералина 2023 жылы облыстағы журналист-арулардың арасынан ең бірінші болып ҚР Ақпарат саласының үздігі атанды. Ол журналист ғана емес әдемі өлең-жырларымен танымал ақын. Бір топ өлеңдері «Жыр арқауы - Жаңаарқа» жинағына енген.

Салтанат Аманқызының бойындағы ұштасқан ақындық қабілеті мен журналистік шеберлігі өз саласында білікті маман болуына ықпал етпей қоймады.

АҚИҚАТ АЙНАСЫ

Айзада Оразханқызы Тұрсынбекова Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ филология факультеті журналистика кафедрасының түлегі. Ол студент кезінде -ақ көзге түсті.

Бойында жаңалықтардың тілшісіне қажетті жедел әрекет ету, ақпаратты тексеріп алу, адамдармен тез тіл табысу қасиеттері бар әрі біртүтес, өжет, тілі өткір, сарапаттама жасағанды ұнататын, қазақшаға да, орысшаға да жетік Айзаданы 2 -курс оқып жүргенінде жергілікті Қарағанды телеарнасы өздеріне тілші етіп шақырды. Ол 2006 жылдан бастап Қарағанды облыстық «Сарыарқа» телеарнасында тілші, диктор, аға редактор қызметін атқарды.

2020 жылы ол отбасы жағдайына байланысты Жезқазғанға қоныс аударды. 2021 жылдың шілде айынан Қарағанды облыстық «Сауатқа» арнасы үшін Жезқазған аймағынан бейнематериалдар әзірлеп жүр. Ал, 2022 жылдың қараша айынан бастап Президент телерадиокешеніне қарасты «Жібек жолы» республикалық телеарнасының Ұлытаудағы меншікті тілшісі болып еңбек етеді.

Айзаданы ақиқаттың айнасы десе де болады. Ол кемшілік көрсе көз жұма қарауды білмейді, жақсылық сезінсе жаны қалмай қуанады. Нағыз журналист осындай болса керек -ті!

► МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ҚАДІРЛІ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР!

әрулар

ТИЯНАҚТЫЛЫҒЫМЕН ТАНЫМАЛ

Меруерт Наурызбаева 2003 -2007 жылдары Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде оқыды.

Сол кезде университеттің «Ұлағат» деп аталатын газеті болушы еді. Газет редакторы марқұм Тоғанбай Құлманов еді. Ол болашақ журналистерді осы газеттің жұмысына жегіп қоятын, қазанына салып пісіретін. Жастардың бірі шыдап, бірі қашқақтап жүретін. Солардың арасында Меруерт берілген тапсырманы орындаудағы тиянақтылығымен тәтті ететін. Кейін де ол сол қасиетімен танылды.

Меруерттің журналистік жолына көз салсақ, оның Жезқазған аймақтық «Сарыарқа» газетінде ғана емес, республикалық «Ел», «Еуразия ақпарат» газеттерінде де қолтаңбасы бар екенін байқауға болады.

Ол 2021 жылы аймақтық «SARYARQA» газетінің бас редакторы болып тағайындалды. Бірақ, қазір бала күтіміне байланысты демалыста. Екі ұлы мен қызының тәрбиесіне көңіл бөлумен қатар қолынан қаламын да тастамаған Меруерт өзінің сүйікті газетінен қол үзген жоқ. Редакциядан берілген тапсырмаларды заманауи технологияларды пайдалана отырып тиянақтылықпен орындап ұжымның алғысына бөлене білуде. Жүрегі «журналистика» деп соғып тұрса, үйінде қалай қарап отырсын!?



«ШАРАЙНАНЫҢ» ШЫРАЙЫ

Ол журналистика факультетіне оқуға түспей тұрып екі жыл «Аягөз жаңалықтары» газетінің тілшісі болды. Сосын барып оқуға түсті.

Университет бітіргесін Балқашқа түскен жол, 2008 жылы Жезқазғанға қарай бұрылды.

Қазір Мейрамқұл Саяжанқызы Сәтбаев қаласындағы «Шарайна» газетінде жауапты хатшы. Газеттің мазмұны да, бет-бедері де жаухатшыға байланысты.

Ол журналистика саласында біршама жетістіктерге жетті. Тау-кен металлургия саласы туралы республикалық байқаудың екі дүркін жеңімпазы атанды. 2023 жылы Ұлытау облысы БАҚ қызметкерлеріне арналған «ULAR» сыйлығының «Шаңырақ» номинациясын иеленді. Бұл аралықта алған марапаттамаларына тоқталғанымыз жоқ. Мейрамқұлдің тағы бір ерекшелігі, ол домбырамен ән салудың хас шебері. Бұл жай сөз емес, шын мәнінде солай.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында «Біз таланттарды іздейміз!», «Жаңа есім - 2021» байқауларына қатысып, «Дәстүрлі ән орындаушы» номинациясы бойынша 1-орын иеленіп, Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына орай өткізілген аймақтық «Әсем ән мен тәтті күй» байқауында арнайы диплом иегері атануы осы сөзімізді айғақтай түседі.



ҚАЗЫНАЛЫ ҚАЛАМҒЕР

«Қазыналы өңір» газетінің бас редакторы Әсел Жетпісбаеваның негізгі мамандығы - тарихшы. Бірақ, ол журналистика саласының майталманы.

Қазақ, орыс тілдерінде қалам тарта беретін Әсел «Қазыналы өңірге» келгенше бірнеше орыстілді басылымдарда, соның ішінде, Қарағанды облыстық «Индустриальная Караганда» газетінде де абыройлы еңбек етті. Мұны айтасыз, тіпті «KazakhstanToday», «Туран», «Образованная страна», «CentralAsiaMonitor», Zakon.kz» тәрізді аттарынан ат үркетін порталдар мен басылымдардың Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі болды. Әсел Отарбекқызы қазірде де халықаралық ақпараттық «Интерфакс-Казахстан» агентігінің облыстағы меншікті тілшісі ретінде аймақ хабарларын таратумен айналысуда.

2011 жылы Қарағанды облыстық «Алтын сұңқар» сыйлығын иеленген Әсел өткен жылы Ұлытау облыстық «Ulag» сыйлығының лауреаты атанды. Оның кеудесінде «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне -20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне -25 жыл» мемлекеттік мерекелік медальдары жарқырайды.

АЯУЛЫМЫ «АҚШАМНЫҢ»

Жаңа толқын жас журналистердің арасында Аяулым Алтынбекова айрықша ерекшеленіп тұрады. Ол қазақ, орыс тілдерін тең меңгерген. Журналист ретінде сюжет те дайындайды, диктор болып хабар да жүргізеді.

Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін тәмамдап, журналист мамандығын алып шыққан Аяулым 2019 жылдан бері Сәтбаев қаласындағы «Ақшам» теларнасында еңбек етеді. Тілші болып келген еді, қазір телеарнаның орыстілді бөлімінің бас редакторы.

Аяулым ізденімпаз, әртүрлі тақырыптарға барудан именбейді. Ол бірде шахтерлардың ортасынан табылса, енді бірде кинолптардың қасында жүреді. Ал, енді бірде үстіне ақ халат киіп алып дәрігер де болып кетеді.

Журналистік еңбегі де лайықты бағасын алып келеді. 2023 жылы Сәтбаев қаласы әкімінің «Алтын ұлар» сыйлығының «Үздік редактор» номинациясының иегері. ҚР Ішкі істер министрлігінің өткен жылы ұйымдастырған республикалық «Погонды журналист» конкурсының жеңімпазы атанды. Бұлардан басқа да оның қаншама мадақтамалары бар. Ол 2022 жылы Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне қабылданды. Ал, 2023 жылдан бастап өзінің негізгі жұмысына қоса «Алматы» республикалық телеарнасында Ұлытау облысы бойынша орыстілді меншікті тілшісі болып келеді.

«Жұмыстан бос уақытымда кондитер өнімдерін пісірумен айналысамын» - дейді ол. Тамаша емес пе? «Бір қолында - қаламы, Бір қолында - қазаны» деген сөз осындайға сүйсінгендіктен айтылған ғой.



өте жақын жандар - дейді Әлмира журналистикаға келу жайы жөнінде.

«Ұлытау» - облыстағы ең тарихы мол басылым. Өткенді бүгінмен жалғастырған басылымның болашағын балашағынан журналист болуды армандаған Әлмира Оспанова қалыптастырып жатыр. Оның ісіне әрқашан абырой мен сәттілік серік болсын!

БАЛАШАҚТАН БАСТАЛҒАН

Ұлытау аудандық «Ұлытау» газетінің бас редакторы Әлмира Мақсұтқызы Оспанова журналист болуды балашағынан армандады.

Республикалық «Балдырған», «Ұлан», «Айгөлек», «Асыл сөз» тәрізді газет-журналдарға мақалалар жазып тұратын. Редакциялар жазғанын ұнатып, оны өздеріне «штаттан тыс тілші» етіп тағайындады.

2009 жылы мектепті алтын медальмен тәмамдаған Әлмира мамандық таңдап қиналған жоқ. Бірден Алматыға, ҚазМУ-ге, журфакке құжатын тапсырды. Жолы болды, түсіп кетті. Университет бітіргесін туған өлкеге, қасиетті Ұлытау байрағына оралып, «Ұлытау өңірі» газетіне тілші болып орналасты. Қазір бұл газет «Ұлытау» деп аталады. Ал, Әлмира Оспанова осы газетке басшылық жасайды, яғни, бас редактор.

-Менің бұл мамандыққа келуіме отбасының әсері болды. Өйткені, атамыз өлең жазатын, үйдегілердің бәрі де руханиятқа

Айқарманы әзірлеген: Абдолла ДАСТАНОВ, әрлеген: Венера ҚАБИЕВА.

► ПОЭЗИЯ

«Терезеден тұрады
таң сығалап...»

Ардақ ТОЙЛЫБАЕВА:

ӨЛМЕЙТҰҒЫН ӨЛЕҢІҢ
ШЫРАҚТАЛҒАН

Тағдырына тарамық тағаланып,
Қыз ғұмыры қалың мал бағаланып.
Өлеңімен өмірге өле ғашық,
Сары қыз тұр таңдауын садаға ғып
Сүю үшін...
Сүю үшін,
Аға, сендей сезімге күйеу үшін,
Сыр сандығы өлеңге жиып ісін.
Қасқырлығын қақпанға өзі жығып,
Түлкі өмірде тазылық тыю үшін.
Жалғанға сыю үшін.
Аға, сендей маңғаз боп жыр ғаламда,
Керуенім көш тартып сырғалаңға.
Махаббатта жырым бар, билікте өшім,
Айтарым көп шынайы тыңдағанға
Жыр ғаламда,
Ақылды аттап, жүректі қамшылап ап,
Қамшылап кеп, кеткенше қансырап-ақ.
Түн құшағын пана ғып мұңданғанда,
Терезеден тұрады таң сығалап.
Жаншып алар,
Жаман өлең атанып шумақтарым,
Кетпеймін бе сан дәптер құр ақтарып?!
Аға, сендей жағымпаз жайын жазсам,
Өлгенімше жүрем бе жылап қалып?
Сұрақтар көп,
Қай-қай заман шайыр күй сыналғыш па?
Шүлдір-шүлдір сөз терме сынағыштар,
Ықыласқа бөлейтін дүр өлеңді
Көзің барда беріспей құр алғысқа,
Неге жетер?
Кімге жетер?
Өлеңімнің астары құрақталған,
Аға, сенің ізіңмен жыр ақтарғам.
45 жыл тіріңде көрмесей де,
Өлмейтұғын өлеңің шырақталған.
Жырынды есті елден де жырақтардан!
Өлемге ұнап қалған.

ӨЗІҢДІ СҮЙ,
ӨЗІҢДІ ІЗДЕ ӨЗІҢНЕН

Жан дүнием жүрген екен жұтап-ақ
Толтырып ап құр өкпе,
Көбелектің қанатындай жұқалап,
Реніш-назды өшіремін жүректен.

Шақша басты болмашымен шара ғып,
Алалы ойым жасап бағып білгенін.
Осы шығар жұрт айтатын балалық,
Іздеп тауып шағып жүрер күнде мұң.

Көзім жетті өз қолымда өмірім,
Жақсылық та жамандық та өзімнен.
Баға бермей әр пенденің көңілін,
Өзіңді сүй, өзіңді ізде өзіңнен.

Бірден ерте бірден көштеу кезігер,
Күн туады бәрі өткеннен ұранды.
Ашу-ыза, өкпе сынды сезімдер
Ата-анаға артпа мнлде бұларды.

Ренішін көп жылдар бойы жинаған,
Өткен жығып сырларын көп бүгілген.
Өзіңді де, өзгені де қинама,
Кешегі өтті өмірді сүр бүгінмен.

СЕН БОЛМАСАҢ...

Үміт күтіп болашақтан дерексіз,
Сүю деген-мың қорқыныш себепсіз.
Сен болмасаң, далбаса бұл дүние,
Сенсіз маған ұзақ ғұмыр керексіз.

Тағдырыма тура келіп тағдырың,
Қинамасын айтылмай қап жанды мұң.
Сен болмасаң, жан жайлылық таппайды,
Сенсіз маған мәнсіз өткен мәнді күн.

Сырымды айтар сескенбестен тарақтап,
Жырымды арнар жүз дәптерді парақтап.
Сен болмасаң, кеуде-қуыс, көңіл-бос,
Сенсіз маған бекер атқан әр ақ таң.

Сұрқы қашып көркі сұлу бақтардың.
Аласарып биіктігі асқардың.
Сен болмасаң, ақыры кеп заманның,
Сенсіз маған соңғы күндей батқан күн.

Жана күн де, жаңа жыл да, ғасы да,
Мәнін, сәнін саған шырмап, жасырған.
Сен болмасаң, кең дүние-тар қапас,
Сенсіз маған қажетсіз өз басым да.

Қамқорым да, арқа сүйер тірегім.
Амандығы Хақтан сұрар тілегім.
Сен болмасаң, оты сөніп жанардың,
Дүрсілің де тоқтатады жүрегім.
Сезем. Қорқам. Білемін.

КӨРІКТІЛЕРДІҢ КЕЛЕДІ
МЕНДЕЙ БОЛҒЫСЫ

Ғашық қыламын қаншама жанды жүзіме,
Қылық қылмай-ақ сызылып, күліп үзіле.
Шынайылығымнан шыр айналдырып
шырайым,
Мен жайлы сұрап, түсердей етем ізіме.

Сүйсіндіремін, сүйіп қалардай кез келген
Естен тандырып талайды терең
сөздермен.
Бетперделер мен опа-далапқа жүгінбей,
Құлата білем бір кірпік қағар көздермен.

Таңдай қақтырам
тілдескендерді аңдамай,
Тіл мен жағыма жалған
сөздерді жалғамай.
Пікір алмасып, ақыл-кеңесті сұрарға,
Қалардай болып менен өзгені таңдамай.

Қиял боп алам талайдың ойын мазалап,
Күмәнін нар ғып, қорқыныштарын таза-
лап.

Сыр бермегенмен, байқаймын көптің
көңілін,
Жүргендігімді ұяңдығыммен жазалап.

Түнгі түсінен түспеймін бірең- саранның,
Деп ойлаймын ғой:»Апыр- ау, неткен
сараңмын?!»

Түсінде ғана асауға тұсау салғандар,
Беті қайтқандар қызынан дархан
даламның...

Боламын тіпті арманның ақыр соңғысы,
Туғандығымнан қазақ боп бітім-болмы-
сым.

Жаратқан берген парасат әрлеп өңімді,
Көріктілердің келеді мендей болғысы.
Бақыт қой сірә...

СҰЛУЛЫҚТЫ
ІЗДЕМЕНДЕР...

Сұлулықты іздемендер сыртымнан
Көп мінезім жасырын қап бұлқынған,
Көркім ылғи күлімдеуге ұмтылған.
Кемшіліктер табылады бәрібір,
Сұлулықты іздемендер сыртымнан.

Сәл-ақ артық гүрсіл менен тарсылдан,
Жасыратын төзімді таусылған.
Өзгелерді арбап кейде алатын,
Сұлулықты аңғарыңдар даусымнан.

Сұлулықты аңғарыңдар сөзімнен,
Таяқ та жеп өз сөзімнен безінгем.
Ақиқатты айтқым келіп үнемі,
Шын сөзіммен әр түн сайын көз ілгем.

Құралатын тұралаған сырымнан,
Ертеректен, серік болған бұрыннан.
Көксегенім көрініп- ақ тұратын,
Сұлулықты оқыңдаршы жырымнан.

Естігенде көпшілік көп іркілген,
Жақындардың әр сөзінде түртілген
Артық сөзді ақтармандар, айтпаңдар,
Бір сұлулық табыңдар да күлкімнен.

Тыртығы көп жаралардан жыртылған,
Айтылмаған жазылмаған сыр тұнған.
Мен жайында беремес титтей ақпарат,
Сұлулықты іздемендер, іздемендер сыр-
тымнан

ҰЛЫММЕН СЫРЛАСУ

Сен туғалы ой қорытып жинақтап,
Анаң сәл-пәл бейқам күйін ширатпақ.
Сыйғыза алмай шегі шықпас сезімді,
Дәптерімді көөеп отырмын шимақтап

Есейгенмін тәуекел жоқ бұрыңғы,
Ашып нәзік мейірі мол қырымды.
Ана болу бақытына бөлеген,
Қоңыр қозым қабыл алғың жырымды.

Құрсағымды жарып шыққан жарығым,
Шертіп тұрсын тағдырың мол тағылым.
Ана болу осы екен ғой балаңа
Тілей беру ең жақсысын бәрінің.

Анашыңның сауыт етіп жатырын.
Атың сай туған нардай батырым
Тілейтінім дұғам еске түскенде,
Мол болуын иманың мен ақылың.

Еселеткен шаңыратың шаттығын,
Сен туған күн-сәтті күн.
Атаң-әжең жас балаша қуанып,
Өкең көкке бөрікін биік лақтырып.

Көңілімнің басар әп сәт кірбіңін
Қылығыңмен ұмыт күйбең тірлігім
Ұлым менің-
Ақ сұңқарым, бөрі, аланым, дүлділім.

Өмір атты бәйгеңде шап жұлқынып
Дүниемен кірленбесін құлқының
Қызмет қыл Отаныңа ел айтсын,
Туыпты деп жанашырын ұлтының.



МІНДЕТІНДІ БІЛГЕНІҢ - ЗАҢДЫЛЫҚТЫ СҮЙГЕНІҢ ЖАРНАМА ЖӘНЕ ОҒАН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Жарнама – белгілі бір затты, қызметті елге таныту, насихаттау, оларға деген сұранысты күшейту мақсатымен жарияланған хабарлама жиынтығы. Жарнамада ұлттық мәдениеттің белгілері көрсетуі қажет. Ұлттық мәдениеттің танылуы тілдің ұлттық белгілері: сөз қолдану, грамматикалық заңдылығы, нормалары игерілгенде көрінеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясы бойынша бекітілген мемлекеттік тілдің мемлекеттік мәртебесін қолдау мен қорғау – әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті. Осы жауапкершілікті түсінген кезде сауатсыз, қате жарнама мен ақпаратқа бейжай қарамайтымыз анық. Мемлекеттік тілді дамыту, оның күнделікті өмірде қолдану аясын кеңейту үлкеннің де, кішінің де парызы, мықты мемлекет болудың кепілі.

Көрнекі ақпарат пен сыртқы жарнамада Қазақстан Республикасы заңдарына сай болуы маңызды. Тіл және жарнама туралы заңнама талаптарының сақталуы – кәсіпкерлердің беделін асырады. Мемлекеттік тілдегі сауатты жарнама табысын арттырады және уақытын үнемдеп қоймай, қаржысын да үнемдейді. Сауатты жарнама мен сапалы маркетинг – табыс кепілі.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы «Жарнама туралы» Заңының 6-бабы: жарнамаға қойылатын жалпы талаптар.

1. Жарнама, электрондық комиссия саласын қоса алғанда, таратудың, орналастырудың нысанына немесе пайдаланылатын құралына қарамастан, анық, тікелей ұсыныту кезінде арнаулы білімсіз немесе арнайы құралдарды қолданбай танылатын болуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының аумағындағы жарнама (мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-ресурстарды, ақпараттық агенттіктерді қоспағанда) қазақ тілінде, ал жарнама берушінің қалауы бойынша орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де таратылады.

Жарнама мазмұнының аудармасы оның негізгі мағынасын бұрмаламауға тиіс. Жарнама мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

**Ақнұр МАҚСҰТҚЫЗЫ,
«Сәтбаев қаласының
мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімі» ММ әдіскері**

ҚҰҚЫҒЫН БІЛГЕН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

«СОТ КАБИНЕТІ» ДЕГЕН НЕ?

Сот кабинеті – бұл электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналатынын, сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған.

Осы сервисінің негізгі ерекшелігі азамат, оның адвокат тұлғасындағы өкілі немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ Интернет желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ істегі мәртебесін қарай алады және сот актісін басып шығара алды. Әрбір сотқа жүгінген азамат «Сот кабинеті» арқылы арыз беру үшін Халыққа қызмет көрсету орталығында электронды цифрлы қолтаңба алуы қажет.

«Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» электронды сервистері Жоғарғы соттың www.sud.kz ресми сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды цифрлы қолтаңбасы бар азамат тұтына алады.

Қазіргі таңда біздің сотқа заңды тұлғалардан келіп түсетін талап арыздар 70 пайыз электронды түрде түседі. Ол соттың да, сотқа жүгінген тұлғалардың да уақыты мен жұмысын азайтады. Мысалыға келтіретін болсақ, азамат, немесе оның заңды тұлғасы өзінің уақытымен қаражатты кеткізбей, үйінен талап арыз жіберсе, ол электронды түрде соттың базасына түседі. Сот қызметкері дайын электронды түрде түскен арызды тіркейді. Ол үшін ол құжаттарды сканерден өткізіп, базаға салып жатпайды, өйткені олардың барлығы дайын түседі. Айтып өтетін жай, ол сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады, және сыбайлас жемқорлыққа бейімділікті азайтуға ықпал етеді. Бұған қоса, Жоғарғы Соттың және жергілікті соттардың сайтында «Сот құжаттарымен танысу» сервисі іске қосылған. Аталған сервис сот өндірісінің жеделдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының сайтындағы электронды сот құжаттарымен танысуға мүмкіндік береді. Сотқа жүгінген азамат талап арызы тіркелгені туралы талон алады, бірнеше күннен кейін оның ұялы

телефонына оның арызы бойынша сот құжаты шыққаны туралы хабарлама келеді. Бұл ретте азаматтар сот құжатын алуға сотқа барып уақытын кетіріп, қаражатын шығындап, әуреде түспейді. «Сот кабинетінің» мобильдік қосымшасы Іске қосылған мобильдік қосымша көптеген портал сервисімен сәйкестендірілген. Олар: ұсынылған немесе жіберуді күтудегі құжаттарды қарастыру, сот отырысының қатысушылардың тізбесі; тыңдалатын істердің тізімі; хабарландырулар және т.б. қызметтер көрсетіледі. Ол жеке заңды тұлғаларға қолайлы болып табылады. Мобильдік қосымша қолданушының тіркеу сервисінің Сот кабинеті веб-нұсқасынан артықшылығы қолданушының тіркеу процессі үшін ЖСН және ұялы телефон нөмірін көрсету жеткілікті. Қолданушының көрсетілген ұялы телефонының нөміріне СМС арқылы қосымшада авторлендіру үшін пароль келіп түседі. Сот кабинетінің оңтайлы нұсқасы мобильдік қосымшасы, аталған қосымша «Сот кабинеті» сервисімен үлестірілген, жаңалықтар – бұл сервис ҚР Сот жүйесінің хронологиялық тәртіпте жаңалықтарын көруге мүмкіндік береді. «Сот кабинеті» сервисінде авторлану ЖСН немесе БСН және пароль арқылы жүзеге асырылады. Құжаттарды заңды тұлғаның өкілі берген кезде авторлану БСН, жеке тұлғалар ЖСН арқылы жүргізіледі. <http://office.sud.kz/адресінде> «Сот кабинеті» сервисі бойынша түсіндіру анықтамасы, нұсқаулық енгізілгенін хабарлайды. Сонымен қатар сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Сот актілерінің банкі» қызметі іске қосылады, бұл қызмет сот актілерін іздеу тәртібін жеңілдетеді, оны www.sud.kz арқылы электронды түрде жүзеге асыруға болады.

**А. ОМАРБЕКОВА,
Сәтбаев қалалық сотының
бас маманы**

ИТОГИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЕПАРТАМЕНТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ОБЛАСТИ УЛЫТАУ ЗА 2023 ГОД

Департаментом внутреннего государственного аудита по области Улытау (далее - Департамент) за 2023 год проведено 41 аудиторских мероприятий, из них 9 аудиторских мероприятий согласно утвержденному перечню, 32 внеплановых аудиторских мероприятий.

По результатам проведенных аудиторских мероприятий, установлены нарушения на общую сумму 2 млрд. 198 млн. тенге, в том числе нарушения бюджетного и иного законодательства в сумме 1 млрд. 909 млн. тенгеили 86,8% и нарушения законодательства о государственных закупках 289,1 млн. тенгеили 13,2% от общей суммы установленных нарушений.

Из общей суммы выявленных финансовых нарушений подлежит восстановлению и возмещению в бюджет – 1 млрд. 521 млн. тенге (79,7% от общей суммы выявленных нарушений, кроме сумм нарушений по государственному закупкам), из них восстановлению и отражению по учету – 1 млрд. 408 млн. тенге (или 92,6% от общей суммы финансовых нарушений), а также возмещению в бюджет – 112,5 млн. тенге (или 7,4% от общей суммы финансовых нарушений).

Принятыми в отчетном периоде мерами реагирования Департаментом было восстановлено и возмещено в бюджет 1 млрд. 467 млн. тенге или же 96,5%, в том числе восстановлено и отражено по учету 1 млрд. 408 млн. тенге (или 100% от подлежащих восстановлению и отражению), возмещены в бюджет необоснованно использованные средства в размере 58,8 млн. тенге (или 52,3% от подлежащих возмещению).

На основании направленных предписаний на устранение выявленных нарушений и о рассмотрении ответственности лиц, привлечены к дисциплинарной ответственности 41 ответственных должностных лиц объектов государственного аудита.

За различные нарушения требований законодательства Республики Казахстан, в отношении ответственных должностных лиц объектов государственного аудита возбуждены административные производства и составлены 146 протоколов об административных правонарушениях, где общая сумма наложенного штрафа составила 17,3 млн. тенге, которые были взысканы в доход

бюджета в полном объеме.

За 2023 год из подлежащих охвату 7168 лотов на общую сумму 202,6 млрд. тенге, камеральным контролем охвачено 7 061 лота (или 98,5% от общего количества лотов, подлежащих охвату) на общую сумму 198,5 млрд. тенге, из охваченных нарушения установлены по 1 796 лотам (или 25,4% от общего количества охваченных лотов) на сумму 22,8 млрд. тенге.

В отчетном периоде исполнено 1 762 уведомлений (или 98,1% от общего количества направленных уведомлений), из них по 34-ми уведомлениям сроки исполнения не наступили.

В целях профилактики коррупционных правонарушений, формирования нулевой терпимости к коррупции среди сотрудников Департамента проведены 77 мероприятий, направленных на предупреждение и противодействие коррупции.

По освещению результатов аудиторской деятельности через СМИ и на интернет-ресурсах (телевидение, местные печатные издания и др.) Департаментом проведено 53 мероприятия.

За 2023 годв адрес Департамента поступило и зарегистрировано всего 1 132 обращений, в том числе от физических лиц 256, юридических лиц 876. Основная доля поступающих обращений приходится на сферу государственных закупок, так из общего количества зарегистрированных обращений 1 086 или 95,9% относятся к вопросам организации и проведения процедур государственных закупок.

Всего же, за 2023 год было рассмотрено 1 070 обращений, из них удовлетворено 388 обращений, даны разъяснения по 241 обращению, отказано (без удовлетворения) 299, отозваны заявителями 70 обращения, также направлены по подведомственности в другие органы 65, находятся на рассмотрении 7 обращений.

ПРАВИЛА ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ, КОТОРЫЕ НЕОБХОДИМО СОБЛЮДАТЬ В БЫТУ

Основными правилами пожарной безопасности, которые необходимо соблюдать гражданам в быту являются: не использовать неисправные бытовые электроприборы, ветхую, или неисправную электропроводку, электронагревательные приборы кустарного изготовления, не допускать перегрузки электросети, не проявлять беспечности при обращении с огнем, особенно в нетрезвом состоянии, не курить лежа в постели, не разбрасывать окурки, соблюдать правила пожарной безопасности при эксплуатации бытовых газовых приборов, воздерживаться от использования открытого огня в сухую ветреную погоду, не допускать бесконтрольно отжига камыша, сухого травостоя.

Поведение при возникновении загорания или обнаружении пожара зависит от конкретной обстановки и условий распространения огня.

Однако в любом случае нельзя впадать в панику и терять самообладание. Следует как можно быстрее позвонить по «101» и вызвать противопожарную службу, а самому постараться быстро оценить ситуацию и действовать в зависимости от возраста, навыков и возможностей, не подвергая свою жизнь опасности.

Но когда пламя уже распространилось и необходимо вмешательство профессиональных пожарных, тогда надо как можно быстрее позвонить по «101» или «112» и как можно скорее кратчайшим и самым безопасным путем покинуть помещение, квартиру, здание.

Чаще всего в жилых домах пожар начинается с появления незначительного пламени, которому предшествует более или менее продолжительный период нагревания или тления твердых горючих предметов, материалов, веществ. Наличие запаха перегревшегося вещества и появление легкого, сначала едва заметного, а затем все более густого

щегося и действующего на глаза дыма – это первые верные признаки пожара.

Распространению пожара в жилом доме чаще всего способствуют вентиляционные каналы, окна и двери, через которые поступает свежий воздух, дающий дополнительный приток кислорода. Вот почему не рекомендуется разбивать стекла в окнах горящего помещения и оставлять открытыми двери в соседние помещения. В любом случае своевременный вызов пожарных поможет предотвратить большое несчастье (при этом отбросьте от себя мысль, что пожарных уже кто-то успел вызвать раньше вас, так как не все имеют такую возможность).

Отдел по чрезвычайным ситуациям города Сатпаев напоминает о необходимости соблюдения правил пожарной безопасности. Ведь только так можно избежать трагедии, обезопасить свою жизнь и жизни других людей от огня. Будьте осторожны, берегите себя и дома

**Н. ТЫНЫБЕКОВ,
старший дознаватель ОЧС
г. Сатпаев, старший лейтенант
гражданской защиты**



ОВНОВ ожидает яркая и насыщенная неделя, полная работы, требующей незамедлительных действий, лидерства и решительных шагов. Вас могут ожидать увлекательные события и крайне привлекательное коммерческое предложение, которое будет сложно отвергнуть.



ТЕЛЕЦ. Время акцентировать внимание на финансовых вопросах. Стоит попробовать обсудить с руководством повышение зарплаты. Также важно не забывать о здоровье и провести выходные на свежем воздухе. Эта неделя потребует от вас объективности, такта и сердечности в оценке происходящего.



БЛИЗНЕЦЫ. Сейчас вы особенно склонны к эмоциональным всплескам, так что звезды рекомендуют проявить терпение. Проблемы на работе могут спровоцировать конфликты дома. Здоровье будет стабильным, если не учитывать общее чувство уныния и легкую нервозность.



РАК. Ракам предстоит исключительно благоприятная неделя. Звезды сулят успешные результаты в начинаниях, к которым вы относились скептически. В финансовом плане и семейной жизни все будет отлично – в доме будет царить гармония и спокойствие. Постарайтесь уделить особое внимание своей второй половинке.



ЛЕВ. На этой неделе Львам предстоит ощутить влияние мощной энергии, которая будет способствовать достижению ваших целей. Ваша решительность и уверенность будут на высоте, что поможет преодолевать любые препятствия на пути к успеху. Однако будьте осторожны в общении с окружающими, так как ваша прямолинейность и честность могут быть восприняты как агрессивность.




ДЕВА. Вас ожидает возможность улучшить свое финансовое состояние и общее самочувствие. Звезды предвещают прояснение последствий текущих изменений в вашей жизни. Эта неделя предоставит вам отличные возможности для саморазвития и профессионального роста, не упустите их.



ВЕСЫ. Находясь в состоянии внутренней гармонии, вы можете спокойно обдумывать вопросы и принимать взвешенные решения. Однако избыток гордыни и склонности к импульсивности могут привести к необдуманным действиям, ставящим под угрозу ваши отношения с партнером.




СКОРПИОН. Неделя предоставляет вам возможность глубокого самоанализа, который может привести к новым и важным открытиям в вашей жизни. В личных отношениях наступает время для глубоких и честных разговоров, которые помогут укрепить ваши связи с партнером или близкими.



СТРЕЛЕЦ. Стрельцам на этой неделе предстоит много работы, которая будет казаться особенно тяжелой и раздражающей. Избегайте планирования деловых встреч на вторник, так как они вряд ли состоятся. В финансовой сфере будьте осторожны, придерживайтесь консервативного подхода.



КОЗЕРОГ. Для Козерогов наступит время для осознания собственных потребностей и целей. Будьте открыты новым возможностям, которые могут появиться на вашем пути, и не бойтесь выходить за пределы своей зоны комфорта. Ваша упорная работа и настойчивость принесут вам успех в профессиональной сфере.



ВОДОЛЕЙ. Эта неделя принесет с собой споры, недопонимания и обиды. Ваша преданность работе может быть воспринята близкими как отсутствие желания общаться. Выходные – не лучшее время для диалога с родителями, лучше уделить внимание детям и урегулировать спорные моменты с соседями.



РЫБЫ. В этой неделе Рыбы почувствуют потребность в уединении и размышлениях, чтобы лучше понять свои эмоции и желания. Будьте открыты новым возможностям, которые могут появиться на вашем пути, особенно в сфере творчества. В области карьеры рекомендуется быть более осторожными и терпеливыми.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ІЗДЕНІМПАЗ КІТАПХАНАШЫ

Ақтүбек ауылындағы үлкен де, кіші де Бағлан Жұмағұлқызын жақсы таныды. Танып қана қоймайды, қадірлеп, құрмет тұтады. Неге? Өйткені, ол қастерлі мамандық иесі. Сонда қандай мамандық дейсіз бе?

Ол ауылдық кітапханада кітапханашы. Көп жылдық тәжірибесі бар ол үнемі көптеген игі шаруалардың басы - қасында жүреді. Кітапхана әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырып, бұған ауылдың үлкен кішісін тартып жатады.

-Сонда ғана кеш қызықты өтеді. Аға буынның жастарға айтары болса, жастардың да үлкендерден сұрағы көп - дейді кітапханашы.

Жақында ғана кітапханада «Сәкен – қайталанбас тұлға» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Соның өзі қандай жоғары деңгейде өтті десеңізші?! Сәкеннің өмір жолы, өнесі, шығармашылық жетістіктері, бәрі-бәрі ортаға алынып, көрмені тамашалаушыларды тәнті етті.

- Биыл ақын, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері, жерлесіміз С.Сейфуллиннің туғанына - 130 жыл. Сондықтан, жыл бойына «Сәкен оқулары», «Сәкен сүйген, Сәкенді сүйген сұлулар», «Сәкеннің өнегелі жолы», «Сәкеннің сырлы саздары» тақырыптарында байқаулар, шолулар және әдеби кештер ұйымдастыралытын болады - дейді Б. Анишева.

«Қазақстанның үздік мәдениет қызметкері», «Еңбек даңқы» төсбелгісінің иегері Бағлан Жұмағұлқызына абырой биігіне көтеріле бергіз дейміз!

Ізтөлеу ТҮСІП, Жаңаарқа ауданы, Ақтүбек ауылы.



«ӘНІМ СЕНСІҢ – ЖЕЗҚАЗҒАН!»

«Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ қарасты №3 Теректі кітапхана-филиалы Жезқазған қаласының 70 жылдығына орай «Әнім сенсің – Жезқазған!» атты ән сағатын ұйымдастырды.



Іс-шара кітапханашының құттықтау тілегімен басталып, Теректі ауылының «Әжелер мектебі» тобының орындауында өнер өлкесінің жезкиігі атанған Жақсыгелді Сейіловтың «Ұлытау» әнімен жалғасты. Кітапхана оқырмандары №6 Теректі орта мектебінің оқушылары Тұрсынбекова Шұғыла ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Батырбек Мырзабековтың «Жезқазған», Махмұт Іңкәр ақын-кенші Мұса Тілеуовтың «Жасай бер, мысты қалам мақтанышым», Бақтыгелді Диана ақын

Ибраһим Бекмахановтың, Жұман Балауса ақын Нұрперзент Домбайдың Жезқазған қаласына арнаған жырларын мәнерлеп оқыды.

Сондай-ақ, Жезқазған қаласының тарихи ескерткіштері мен мәдени орындары, өлкенің белгілі тұлғалары туралы бейне-презентация көрсетілді.

**Махфуза ҚАСЫМБЕКОВА,
№3 Теректі кітапхана-филиалының
кітапханашысы**

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 900 Заказ 337

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.